



БҰЙРЫҚ

01.09.2023

Сәтбаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 88

город Сатпаев

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім беру ұйымында ішкі тәртіптік қағидарларының бұзушылығын болдырмау мақсатында, Сәтбаев қаласының білім бөлімінің 2023 жылғы 06 қаңтардағы №2 бұйрығы негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Сәтбаев қаласының «№25 жалпы білім беретін мектебі» КММ мұғалімдеріне, сынып жетекшілер мен кіші қызметкерлеріне:
 - 1) Жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, тазалау, сыйлықтар алу, аттестация, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы да басқа мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тиым салынсын.
 - 2) кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
- концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуіне ақша жинауға;
- мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
- мерекелік күндері мектепті безендіру үшін ақша жинауға;
- тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
- бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлемақы жинауға жол берілмесін.
 - 3) тәрбиелік мәні бар қоғамдық-мәдени шараларға қатысу үшін қаражат жинау ата-аналар тарапынан тек ерікті түрде өткізілсін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға бару).
2. Оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжым мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бұйрықпен таныстыру мектеп

3. Ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдерге тиісті шаралар қабылданын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қосымша 1 бет (мектеп мұғалімдерінің тізімі).

Мектеп директоры



Ж. Бодукова